

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 18 ақпандағы № 81 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір мәселелері туралы

Баспасөз релизі!

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 25 қаңтардағы № 412 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже);

2) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті болып;

2) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің аумақтық бөлімшелері – мемлекеттік мекемелері;

3) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік заңды тұлғалар қайта аталсын.

3. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі осы қаулының 2-тармағының 3) тармақшасында көзделген мемлекеттік заңды тұлғаларға қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті орган болып айқындалсын.

4. Осы қаулы:

1) 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Ереженің 16-тармағының 125) тармақшасын;

1-1) Қазақстан Республикасының "Стандарттау туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өлшем бірлігін қамтамасыз ету және стандарттау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018

жылғы 5 қазандағы заңдарына сәйкес 2019 жылғы 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілетін Ереженің 16-тармағындағы орталық аппарат функцияларының 154-1), 154-2), 154-3), 154-4), 154-5), 154-6) және 154-7) тармақшаларын;

2) 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 83-1), 86-1), 93-1), 95-1) тармақшаларын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ереженің 16-тармағының 83) тармақшасы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 10.07.2020 № 437 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі Б. Сағынтаев**

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2017 жылғы 18 ақпандағы
№ 81 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі туралы ереже

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "қор", "қордан", "қордың" деген сөздер "Қор", "Қордан", "Қордың" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 30.06.2023 № 528 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.03.2022 № 128 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз) қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әлеуметтік және еңбек салаларындағы, сондай-ақ құзыреті шегінде халықтың көші-қоны саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Министрліктің мынадай ведомстволары бар:

1) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон комитеті;

2) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитеті;

3) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитеті.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 06.08.2024 № 628 қаулысымен.

3. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Министрлік мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы мемлекеттік тілде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Министрлік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Министрліктің, егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Министрлік өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Министрлік басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері:

"Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі" мемлекеттік мекемесі, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8-үй, "Министрліктер үйі" әкімшілік ғимараты, 6-кіреберіс.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.10.2024 № 821 қаулысымен.

10. Осы Ереже Министрліктің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Министрліктің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Министрлікке Министрліктің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қарым-қатынас жасасуға тыйым салынады.

Егер Министрлікке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кірістер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері

13. Міндеттері:

мынадай:

- 1) еңбек, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау;
- 2) жұмыспен қамту;

3) әлеуметтік қамсыздандыру, оның ішінде зейнетақымен қамсыздандыру және міндетті әлеуметтік сақтандыру;

4) мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау;

5) балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау;

6) азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету;

6-1) еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін адамдарды әлеуметтік қорғау;

7) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету;

8) өз құзыреті шегінде халықтың көші-қоны және босқындар саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, салааралық үйлестіруді және мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру;

8-1) кәсіптік біліктілікті тану;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен Министрлікке жүктелген өзге де міндеттер.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 26.10.2022 № 850 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.09.2023 № 764 (04.09.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 20.03.2024 № 213 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

өз құзыреті шегінде орындалуы міндетті нормативтік құқықтық актілерді қабылдау; заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, өзге ұйымдардан және лауазымды адамдардан қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;

Министрліктің құзыреті шегінде ведомстволарға реттеушілік, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру өкілеттігін беру;

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде көзделген жағдайларда өз құзыреті шегінде әкімшілік органдарға, лауазымды адамдарға жәрдем көрсету;

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген жағдайларда және негіздер бойынша әкімшілік рәсімге қатысушының құқықтарын іске асырудан бас тарту;

қолданыстағы заңнамалық актілерде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру;

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

жолданымдарды қабылдау және тіркеу, оларды және оларға қоса берілген құжаттарды ресімдеуге жәрдемдесу, формальды қателерді жоюға және қоса берілетін құжаттарды толықтыруға мүмкіндік беру;

әкімшілік рәсімге қатысушыға оның әкімшілік рәсімді жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша құқықтары мен міндеттерін түсіндіру;

әкімшілік рәсімге қатысушыны өткізілетін тыңдаудың орны мен уақыты туралы күні бұрын хабардар ету;

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде көзделген жағдайларды қоспағанда, әкімшілік рәсім бойынша шешім қабылдау алдында әкімшілік рәсімге қатысушыны тыңдау;

әкімшілік актіні Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен әкімшілік рәсімге қатысушының не олардың өкілдерінің назарына жеткізу;

ведомстволардың, олардың аумақтық органдарының, сондай-ақ Министрліктің ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметін үйлестіруді және бақылауды жүзеге асыру;

Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті жылдарға арналған заң жобалау жұмыстарының жоспарларын уақтылы және сапалы орындауды қамтамасыз ету;

жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру үшін жауап беру, сондай-ақ жұмылдыру органдарының қызметкерлеріне олардың өздеріне жүктелген міндеттерді орындауы үшін қажетті жағдайлар жасау.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 10.08.2026 № 704 қаулысымен.

15. Функциялары:

1) еңбек, жұмыспен қамту, көші-қон және халықты әлеуметтік қорғау, әлеуметтік қамсыздандыру, оның ішінде зейнетақымен қамсыздандыру және міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру;

2) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптардың, халықты жұмыспен қамту, зейнетақымен қамсыздандыру, мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау, міндетті әлеуметтік сақтандыру, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету, әрекетке қабілетсіз, әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған азаматтарға қорғаншылық пен қамқоршылық, сондай-ақ өз құзыреті шегінде халықтың көші-қоны туралы заңнаманың сақталуын мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру, шетелде еңбек қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек құқықтарын қорғау жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;

3) өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық, құқықтық актілерді, оның ішінде әдістемелік ұсынымдарды, есептік, статистикалық және есептік құжаттама нысандарын, ведомстволық статистикалық байқаулар нысандарын, сондай-ақ оларды еңбек, жұмыспен қамту, көші-қон және халықты әлеуметтік қорғау, әлеуметтік

қамсыздандыру, оның ішінде зейнетақымен қамсыздандыру және міндетті әлеуметтік сақтандыру саласында ұсыну қағидаларын әзірлеу және бекіту;

4) еңбек, жұмыспен қамту, көші-қон және халықты әлеуметтік қорғау, әлеуметтік қамсыздандыру, оның ішінде зейнетақымен қамсыздандыру және міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы ғылыми әзірлемелерді қалыптастыру және басымдықтарын айқындау, ғылыми зерттеулер жүргізуді ұйымдастыру және ғылыми сүйемелдеуді үйлестіру;

4-1) мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті орган бекітетін мемлекеттік органдар қызметіне салалық (ведомстволық) функционалдық шолулар жүргізу жөніндегі әдістемеге сәйкес қызметтің функционалдық талдауын дербес жүргізу;

4-2) цифрлық трансформацияны жүргізу;

5) халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру және жетекшілік ететін қызмет салаларында оның дамуын қамтамасыз ету;

5-1) құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мен халықаралық шарттарының жобаларын әзірлеуге қатысу;

6) жергілікті атқарушы органдардың басшыларымен әлеуметтік-еңбек саласындағы қызметтің түпкі нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған меморандумдар (келісімдер) жасасу;

7) еңбек, жұмыспен қамту, халықты әлеуметтік қорғау, әлеуметтік қамсыздандыру, оның ішінде зейнетақымен қамсыздандыру және міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы саясаттың іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру;

8) өз құзыреті шегінде мемлекеттік жастар саясатын іске асыру;

9) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 20.03.2024 № 213 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10) еңбек қатынастарын реттеу саласындағы жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және әдістемелік басшылықты жүзеге асыру;

11) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес топтық жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру үшін комиссия құру;

12) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мониторингті және тәуекелдерді бағалауды ұйымдастыру;

13) еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тергеп-тексерудің уақтылы және объективті жүргізілуін бақылауды жүзеге асыру;

14) еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету саласында үйлестіруді және басқа да мемлекеттік органдармен, сондай-ақ жұмыскерлердің және жұмыс берушілердің өкілдерімен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

15) қызметтің барлық салалары үшін еңбек жөніндегі бірыңғай салааралық, немесе салааралық үлгілік, немесе үлгілік нормалар мен нормативтерді немесе ұйымдардың

еңбек жөніндегі үлгілік нормалары мен нормативтерін әзірлеу, бекіту, ауыстыру және қайта қарау тәртібін белгілеу;

15-1) қызметтің тиісті салаларындағы мемлекеттік органдармен келісу бойынша қызметтің барлық салалары үшін еңбек жөніндегі бірыңғай салааралық, немесе салааралық үлгілік, немесе үлгілік нормалар мен нормативтерді әзірлеу және бекіту;

15-2) қызметтің тиісті салаларындағы уәкілетті мемлекеттік органдар белгілеген тәртіппен өздері бекітетін ұйымдардың еңбек жөніндегі үлгілік нормалары мен нормативтерін келісу;

16) көрсететін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алым мөлшерлемелерін) мемлекеттік реттеу енгізілетін ұйымдарда еңбек нормаларын ұсыну, қарау және келісу тәртібін белгілеу;

17) көрсететін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алым мөлшерлемелерін) мемлекеттік реттеу енгізілетін ұйымдар жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесі бойынша параметрлерді ұсыну, қарау және келісу тәртібін белгілеу;

17-1) тиісті жылға демалыс күндерін ауыстыруды бекіту;

17-2) кәсіптік мерекелерді белгілеу тәртібін әзірлеу және бекіту;

17-3) кәсіптік мерекелердің тізбесін бекіту;

17-4) акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі ұлттық компаниялардың, акционерлік қоғамдардың және жарғылық капиталына қатысу үлестерінің елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің басшы жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттары туралы үлгілік ережені бекіту;

18) жұмыс берушінің қаражаты есебінен жұмыскерлерге сүт немесе оған теңестірілген тамақ өнімдерін және (немесе) диеталық емдік және диеталық профилактикалық тамақ өнімдерін, арнайы киім және басқа да жеке қорғаныш құралдарын беру тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды ұжымдық қорғаныш құралдарымен, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлармен және құрылғылармен қамтамасыз ету тәртібін айқындау;

19) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша жұмыскерлерге сүт немесе оған теңестірілген тамақ өнімдерін және (немесе) диеталық емдік және диеталық профилактикалық тамақ өнімдерін беру нормаларын бекіту;

20) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша алуан түрлі экономикалық қызмет ұйымдарының жұмыскерлеріне арнайы киім және басқа да жеке қорғаныш құралдарын беру нормаларын бекіту;

21) тиісті қызмет салаларының уәкілетті мемлекеттік органдары әзірлейтін және бекітетін экономикалық қызметтің алуан түрлі ұйымдарының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының біліктілік анықтамалықтарын немесе үлгілік біліктілік сипаттамаларын қарау және келісу;

22) әкімшілік персоналға жататын жұмыскерлер лауазымдары атауларының тізбесін әзірлеу және бекіту;

23) оларда жұмыс істеу жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысына және еңбекке ақы төлеудің жоғарылатылған мөлшеріне құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімін, ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесін, сондай-ақ оларды беру тәртібін айқындау;

24) Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын, жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамаларын және Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын, сондай-ақ ұйымдар басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын әзірлеу, қайта қарау, бекіту және қолдану тәртібін айқындау;

25) Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын, жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамаларын, Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын әзірлеу және бекіту;

26) барлық қызмет салаларына ортақ мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындар мамандарының жекелеген лауазымдарының біліктілік сипаттамаларын әзірлеу және бекіту;

27) білім, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органдармен бірлесіп ұлттық біліктілік шеңберін әзірлеу және (немесе) өзектілендіру;

28) әлеуметтік және еңбек саласындағы салалық біліктілік шеңберін әзірлеу және қайта қарау;

29) кәсіптік стандарттарды әзірлеу және (немесе) өзектілендіру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

29-1) әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту саласындағы кәсіптік стандарттарды бекіту;

29-2) кәсіптік стандарттарды әзірлеудің құнын есептеу әдістемесін әзірлеу және бекіту;

29-3) кәсіптік біліктілікті тану орталықтарын аккредиттеу процестерін ұйымдастырушылық және техникалық жағынан сүйемелдеуді жүзеге асыратын жұмыс органын айқындау;

29-4) кәсіптік біліктіліктерді және (немесе) дағдыларды растайтын халықаралық сертификаттарды тану тәртібін айқындау;

30) әлеуметтік әріптестік жүйесі мәселелері жөнінде ұсыныстар тұжырымдау;

31) салалық келісімдерді тіркеуді жүзеге асыру;

32) еңбек төрелігі туралы үлгілік ережені бекіту;

33) мемлекеттік еңбек инспекторларын оқытуды және аттестаттауды жүргізу;

34) азаматтық қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

35) мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысы мен педагогін, сондай-ақ мемлекеттік дене шынықтыру-спорт ұйымының бірінші басшысын қоспағанда, азаматтық қызметке кіру және азаматтық қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу тәртібін айқындау;

35-1) дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп мемлекеттік дене шынықтыру-спорт ұйымдарының бірінші басшыларын лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын әзірлеу және бекіту;

36) техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша құзыретіне кіретін мәселелер бойынша техникалық регламенттерді әзірлеу, бекіту, олардың күшін жою, тоқтата тұру, сондай-ақ техникалық регламенттерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу;

37) орташа жалақыны есептеудің бірыңғай тәртібін белгілеу;

37-1) айлық жалақының ең төмен мөлшерін айқындау әдістемесін әзірлеу;

38) ұйымда кадрларды кәсіптік даярлауға, қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға қойылатын жалпы талаптарды айқындау;

38-1) мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік қызметшілер еңбек тәртіптемесінің үлгілік қағидалары негізінде еңбек тәртіптемесінің қағидаларын бекіту;

38-2) мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган бекітетін және білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша әзірленетін мемлекеттік білім беру ұйымдарында басқарушылық функцияларды атқарумен байланысты лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарын келісу;

39) еңбек кітапшаларының нысанын, оларды жүргізу және сақтау тәртібін бекіту;

40) он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімін, он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің ауыр заттарды тасуы мен қозғалтуының шекті нормаларын бекіту;

41) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 06.08.2024 № 628 қаулысымен;

42) әйелдердің ауыр заттарды қолмен көтеруінің және жылжытуының шекті нормаларын бекіту;

43) ұйымдағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі туралы үлгілік ережені бекіту;

44) биіктікте жұмыс істеу кезінде еңбек қауіпсіздігін және оны қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі қағидаларды әзірлеу және бекіту;

45) өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша міндетті мерзімдік аттестаттау тәртібін айқындау;

46) жұмыскерлерді, басшылар мен еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау

мәселелері бойынша оқытудан, нұсқау беруден және білімін тексеруден өткізу қағидалары мен мерзімдерін әзірлеу және бекіту;

47) жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу, бекіту және қайта қарау тәртібін белгілеу;

47-1) тиісті уәкілетті органдардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді қабылдау тәртібін белгілеу;

48) еңбекті қорғауды басқару жүйесі туралы үлгілік ережені әзірлеу және бекіту;

49) кәсіптік тәуекелдерді басқару қағидаларын әзірлеу және бекіту;

50) еңбекті қорғау қызметтерінің жұмыскерлері санының салааралық үлгілік нормативтерін әзірлеу және бекіту;

50-1) еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тіркеу және есепке алуды жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

50-2) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға жазатайым оқиға туралы актіні электрондық форматта жіберу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

50-3) жұмыскер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын жасасу туралы мәліметтерді жіберу жөніндегі қағидаларды әзірлеу және бекіту;

50-4) еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі жөніндегі өндірістік кеңес туралы үлгілік ережені әзірлеу және бекіту;

50-5) еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлар туралы үлгілік ережені әзірлеу және бекіту;

51) Азаматтық қызметшілердің қызмет әдебі кодексін әзірлеу және бекіту;

52) еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесінде еңбек шарты туралы мәліметтерді ұсыну және алу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

53) қауіп жоғары жағдайларда жұмыс жүргізу кезінде наряд-рұқсаттарды ресімдеу және қолдану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

54) еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесінде қамтылған жұмыскердің дербес деректерінің құпиялылығын және қорғалуын Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес қамтамасыз ету;

55) Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасының талаптарын ескере отырып, жеке және заңды тұлғаларға еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесінен мәліметтер беру;

56) еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау мен төлеу тәртібін айқындау;

57) жұмыс берушінің қызметін декларациялау тәртібін әзірлеу және бекіту;

58) еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау және еңбек қатынастарын реттеу саласындағы ғылыми әзірлемелердің басымдықтарын айқындау;

59) мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар әзірлеуді ұйымдастыру және оларды іске асыруды жүзеге асыру;

60) ұжымдық еңбек дауларын есепке алу нысанын әзірлеу және бекіту;

61) мемлекеттік органдарға техникалық қызмет көрсетуді және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыскерлер санының бірыңғай салааралық нормативтерін әзірлеу және бекіту;

62) тиісті қызмет салаларының тиісті уәкілетті мемлекеттік органдары әзірлейтін және бекітетін азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімдерін келісу;

63) азаматтық қызметшілерді аттестаттауды өткізудің тәртібі мен шарттарын айқындау;

64) әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін әзірлеу және бекіту;

65) тиісті қызмет салаларының мемлекеттік органдары әзірлейтін және бекітетін мемлекеттік органдарға техникалық қызмет көрсетуді және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыскерлер санының салалық нормативтерін келісу;

66) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі аудандық (қалалық) және өңірлік комиссиялар туралы үлгілік ережелерді әзірлеу және бекіту;

67) кәсіптік оқытуды ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін айқындау;

67-1) субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыру және субсидияланатын жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған адамдардың жалақысын субсидиялау тәртібін айқындау;

68) жұмыс күшіне сұраныс пен ұсынысты талдау, болжау, еңбек нарығының жай-күйі туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар ету;

69) әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай цифрлық жүйесін қалыптастыруды қамтамасыз ету;

70) мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу, оның орындалуын мониторингтеу және бағалау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

70-1) мүгедектігі бар адамдардың орталықтандырылған дерекқорын қалыптастыру, мүгедектіктің себептеріне, құрылымы мен жай-күйіне мониторинг жүргізу;

70-2) медициналық-әлеуметтік сараптаманың тәуелсіз сарапшыларының тізілімін жүргізу қағидаларын, сондай-ақ тізілімге қосу және одан шығару негіздерін әзірлеу және бекіту;

70-3) медициналық-әлеуметтік сараптаманың тәуелсіз сарапшылары жұмысының нәтижелерін бағалау қағидалары мен өлшемшарттарын әзірлеу және бекіту;

70-4) медициналық-әлеуметтік сараптаманың тәуелсіз сарапшыларының қызметтеріне ақы төлеу қағидаларын және медициналық-әлеуметтік сараптаманың тәуелсіз сарапшылары көрсететін қызметтерге тарифтерді әзірлеу және бекіту;

71) жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру немесе ұзарту, сондай-ақ корпоративішілік ауыстыруды жүзеге асыру тәртібі мен шарттарын әзірлеу және бекіту;

72) көші-қон процестерін реттеу және мониторингтеу саласындағы шаралар жүйесін әзірлеу;

72-1) сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы уәкілетті орган айқындайтын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзетін кеме экипажының құрамына шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар кіре алатын шарттарды келісу;

73) өз бетінше жұмысқа орналасуы үшін шетел азаматына немесе азаматтығы жоқ адамға біліктілігінің сәйкестігі туралы анықтамалар беру немесе ұзарту қағидаларын, шетел азаматының немесе азаматтығы жоқ адамның өз бетінше жұмысқа орналасуы үшін басым салалардың (экономикалық қызмет түрлерінің) және олардағы сұранысқа ие кәсіптердің тізбесін әзірлеу және бекіту;

74) мүгедектігі бар адамның жұмыс орнының стандарттарын әзірлеу және бекіту;

75) Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға квота белгілеу және оны астана, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар арасында бөлу қағидаларын әзірлеу;

76) арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды құру, олардың жұмыс істеуі және таратылуы саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы органмен бірлесіп, комиссияның құны миллион айлық есептік көрсеткіштен асатын жобалары бар арнайы экономикалық аймақтардың қатысушылары болып табылатын заңды тұлғаларда, сондай-ақ көрсетілген арнайы экономикалық аймақтардың қатысушылары (не олардың мердігерлері) бас мердігер, мердігер, қосалқы мердігер немесе арнайы экономикалық аймақтардың аумағында құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындау кезеңінде қызметтерді орындаушы ретінде және объект (объектілер) пайдалануға берілгеннен кейін бір жыл өткенге дейін тартатын ұйымдарда жұмыс істейтін шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар санатының тізбесін және санын айқындау қағидаларын бекіту;

77) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 30.06.2023 № 528 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен;

78) еңбек ресурстарын болжаудың ұлттық жүйесін қалыптастыру және оның нәтижелерін пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

79) цифрлық жүйелердің және дерекқорлардың жұмысы, оларды сүйемелдеу және оларға қол жеткізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

79-1) "Электрондық еңбек биржасы" жұмыспен қамтудың бірыңғай цифрлық платформасы мен "Еңбек нарығы" автоматтандырылған цифрлық жүйесі арасындағы жұмыс, сүйемелдеу, қолжетімділікті ұсыну және цифрлық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету қағидаларын әзірлеу және бекіту;

80) экономиканың кадрларға қажеттілігінің болжамын әзірлеу және оны мүдделі орталық атқарушы органдармен келісу;

80-1) өздеріне қатысты пробация қолданылатын адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету қағидаларын келісу;

81) мыналарды:

ата-анасынан кәмелетке толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды;

бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды;

пробация қызметінде есепте тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау тәртібін әзірлеу және бекіту;

82) кәсіпкерлік бастамашылыққа жәрдемдесу бойынша шараларды ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін әзірлеу және бекіту;

82-1) кәсіпкерлік бастамашылыққа жәрдемдесу жөніндегі қызметтерді алуға құқығы бар жеке тұлғалардың жекелеген санаттарын айқындау;

83) еңбекші көшіп келушіге рұқсаттар беру, ұзарту және кері қайтарып алу қағидаларын әзірлеу;

84) шетелдік жұмыскерлердің орталықтандырылған дерекқорын қалыптастыру, "Шетелдік жұмыс күші" цифрлық жүйесін құру және олардың тиісті уәкілетті мемлекеттік органдардың цифрлық объектілерімен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

85) астанадағы, облыстардағы және республикалық маңызы бар қалалардағы көші-қон процестерін реттеудің үлгілік қағидаларын әзірлеу және бекіту;

86) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көшіп-қонушыларды әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету;

87) босқындар мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру;

88) өз құзыреті шегінде босқындар мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, бекіту;

89) босқындар мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру;

90) босқын мәртебесін беру, ұзарту, одан айыру және оны тоқтату рәсімдерін жүзеге асыру жөніндегі комиссия туралы үлгілік ережені әзірлеу және бекіту;

91) босқын мәртебесін беру туралы өтінішхатты тіркеу мен қараудың тәртібін, пана іздеген адам куәлігінің үлгілерін бекіту;

92) босқын куәлігінің үлгісін және оны қорғауға қойылатын талаптарды бекіту;

93) көшіп-қонушылардың және этникалық қазақтардың бірыңғай дерекқорын қалыптастыру және ішкі істер органдарының, ұлттық қауіпсіздік органының, Сыртқы істер министрлігінің тиісті цифрлық объектілерімен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

94) Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны және босқындар туралы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

- 95) босқын деп танылған адамға шыққан елінде тұратын туыстары туралы ақпарат алуға өз құзыреті шегінде жәрдемдесу;
- 96) жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару тәртібін әзірлеу және бекіту;
- 97) білім беру саласындағы орталық уәкілетті органмен келісу бойынша әлеуметтік кәсіптік бағдарлауды жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 98) еңбек мобильділігі орталығының үлгілік жарғысын және мансап орталығының үлгілік ережесін әзірлеу және бекіту;
- 98-1) еңбек мобильділігі орталықтары мен мансап орталықтары жұмыскерлерінің кәсіптік құзыреттілігіне аттестаттау жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 98-2) еңбек мобильділігі орталықтары мен мансап орталықтары жұмыскерлерінің үздіксіз кәсіптік даму қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 99) өңірлердің (аудандардың, қалалардың және облыстардың) жұмыспен қамту картасын қалыптастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу және бекіту;
- 100) жұмыспен қамтудың жеке картасының нысанын және оны жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 100-1) еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру материалдарын ресімдеу жөніндегі нысандарды әзірлеу және бекіту;
- 101) әлеуметтік келісімшарттың үлгілік нысандарын әзірлеу және бекіту;
- 102) халықты жұмыспен қамту саласында көрсетілетін қызметтер аутсорсингін ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 103) халықты жұмыспен қамту саласында көрсетілетін қызметтер аутсорсингі туралы шарттың үлгілік нысанын әзірлеу және бекіту;
- 104) халықты жұмыспен қамту саласында көрсетілетін қызметтердің аутсорсингіне қатысуға үміткер жұмыспен қамтудың жекеше агенттіктеріне қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеу және бекіту;
- 105) халықты жұмыспен қамту саласында бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтерді қалыптастыру әдістемесін және тарифтердің шекті деңгейін әзірлеу және бекіту;
- 106) жұмыс іздеп жүрген адамдарды, жұмыссыздарды тіркеу және мансап орталықтары көрсететін еңбек делдалдығын жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 107) халықты жұмыспен қамту саласында көрсетілетін қызметтердің аутсорсингі шеңберінде ұсынылатын көрсетілетін қызметтердің тізбесін әзірлеу және бекіту;
- 108) Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарын іске асыруға жауапты орталық және жергілікті атқарушы органдардың жұмыс орындарын құруын мониторингтеуді жүзеге асыру, жұмыс орындарының құрылуы туралы мәліметтерді ұсыну қағидаларын әзірлеу және бекіту;

108-1) әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар мен құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің отбасы мүшелерін, сондай-ақ олардың асырауындағы, еңбек қызметін жүзеге асырмайтын адамдарды жұмыссыз ретінде тіркеу және есептен шығару қағидалары мен жағдайларын әзірлеу және бекіту;

109) кадрлардағы елішілік құндылық үлесін есептеу әдістемесін әзірлеу;

110) жергілікті атқарушы органдар жұмыс берушілерге этникалық қазақтар мен бұрынғы отандастар қатарынан шетелдік жұмыс күшін тартуға беретін рұқсаттардың жеңілдетілген тәртібін айқындау;

111) қандастар мен қоныс аударушыларды қоныстандыру үшін өңірлерді айқындау жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізу;

112) қандас мәртебесін беру немесе ұзарту тәртібін айқындау;

113) қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу тәртібін айқындау;

114) қандастарды қабылдау жөніндегі комиссияның үлгілік ережесін, сондай-ақ Қазақстан Республикасына қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасынан тыс қоныс аударған қандастарға және олардың отбасы мүшелеріне біржолғы жәрдемақы төлеудің үлгілік қағидаларын бекіту;

115) Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелдерде тұратын этникалық қазақтардың арасынан туыстарын Қазақстан Республикасына отбасына біріктіру мақсатында қоныстандыру үшін шақыруларын қарау және растау тәртібін бекіту;

116) қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың алдағы жылға өңірлік квотасын белгілеу және оны астана, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар арасында бөлу;

117) құзыреті шегінде шет мемлекеттердің уәкілетті органдарымен және халықаралық ұйымдармен көші-қон процестерін реттеу саласындағы ынтымақтастықты ұйымдастыру және жүзеге асыру;

118) құзыреті шегінде көші-қон процестерін реттеу, мемлекеттік органдардың халықтың көші-қоны саласындағы жұмысын үйлестіру;

119) құзыреті шегінде көші-қон процестерін мониторингтеуді жүзеге асыру;

119-1) Қазақстандық қызметкерлердің тәлімгерлігін ұйымдастыру қағидаларын және шетелдік жұмыс күшін тартатын жұмыс берушілерге қойылатын талаптарды әзірлеу және бекіту;

119-2) авторлық мектептерді ашу жөніндегі әдістемелік нұсқауды әзірлеу және бекіту;

120) шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квотаны белгілеу және оны астана, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар арасында бөлу;

120-1) халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылаудың нәтижелерін есепке алу;

121) мемлекеттік басқарудың тиісті саласына басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдармен келісу бойынша маусымдық шетелдік жұмыскерлердің еңбек қызметін жүзеге асыруы үшін кәсіптердің тізбесін әзірлеу және бекіту;

122) қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру орталықтары, уақытша орналастыру орталықтары қызметінің тәртібін айқындау;

122-1) жеке басын куәландыратын құжаттарда, сондай-ақ үміткерлердің ұлтын растайтын басқа да құжаттарда тиісті жазба болмаған жағдайда қандас мәртебесін және жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен) Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға үміткер адамдардың ұлты қазақ екенін айқындау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

123) этникалық қазақтар мен олардың отбасы мүшелерін қандас мәртебесі берілгенге дейін олардың қалауы бойынша, сондай-ақ қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасы шеңберінде қоныс аударған жағдайда ішкі көшіп-қонушыларды уақытша болу орталықтарында алғашқы қоныстандыру тәртібін және мерзімдерін айқындау;

124) қандас мәртебесін беруден немесе ұзартудан бас тартуға арналған шағымдарды қарау;

125) міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың дерекқорын қалыптастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

126) орталық атқарушы органның және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының цифрлық жүйелері арасында жеке зейнетақы шоттары, шартты зейнетақы шоттары бойынша қозғалыс туралы, сондай-ақ алушылар мен зейнетақы төлемдерінің мөлшерлері туралы ақпарат алмасу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

127) өндірістердің, жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды жұмыстармен айналысатын, пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агенттер меншікті қаражаты есебінен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуді жүзеге асыратын жұмыскерлер кәсіптерінің тізбесін әзірлеу;

128) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

129) тармақшаны алып тастау көзделген - ҚР Үкіметінің 01.09.2026 № 789 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

129) бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айрылған жағдайда Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (бұдан әрі – Қор) төленетін әлеуметтік төлемдерді алушыларға міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

130) тармақшаны алып тастау көзделген - ҚР Үкіметінің 01.09.2026 № 789 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

130) Қордан бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айрылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдерді алушыларға жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

130-1) жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарына жеңілдіктер мен өтемақыларды беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

131) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, сондай-ақ жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

131-1) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Үкіметінің 01.09.2026 № 789 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

131-1) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарының жасына байланысты, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін және мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

15-тармақты 131-2) тармақшамен толықтыру көзделген - ҚР Үкіметінің 01.09.2026 № 789 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

132) салымшылардың (алушылардың) нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомаларына тиісті қаржы жылындағы инфляцияның деңгейін ескере отырып мониторингті жүзеге асыру;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

133) тармақшаны алып тастау көзделген - ҚР Үкіметінің 01.09.2026 № 789 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

133) зейнетақы төлемдерін алушыларға бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мөлшерінде сақталуы бойынша мемлекет кепілдіктерін инфляцияның деңгейін ескере отырып, орындау қағидаларын әзірлеу;

134) жасына байланысты зейнетақы төлемдерін бір жарым есе мөлшерде тағайындауға еңбек өтілін жеңілдікпен есептеу үшін сот-медициналық сараптаманы және патологиялық-анатомиялық диагностиканы жүзеге асыратын ұйымдардағы жұмыстар тізбесін әзірлеу;

135) толық маусым ішіндегі жұмысы жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін бір жылғы жұмыс өтіліне есепке жатқызылатын өнеркәсіптің маусымдық салаларының тізімін әзірлеу;

136) әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік органдар және құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың пайдасына 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін бюджет қаражаты есебінен аударылған міндетті зейнетақы жарналары сомасының 50 пайызын қайтару қағидаларын әзірлеу;

137) міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есебіне жазу) мен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу тәртібі мен мерзімдерін әзірлеу;

138) жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын есептеу (есепке жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу тәртібі мен мерзімдерін әзірлеу;

139) 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша әлеуметтік жеке кодының және (немесе) салық төлеушінің тіркеу нөмірінің және (немесе) жинақтаушы зейнетақы қорымен жасалған зейнетақы шартының болмауына байланысты тұрған жері белгісіз бұрынғы жұмыскерлердің кірістерінен агенттер ұстап қалған және аудармаған міндетті зейнетақы жарналарын аудару қағидаларын әзірлеу;

140) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру, оларды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына қайтару қағидаларын, зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесін, алушының орташа айлық кірісін зейнетақы төлемдерімен алмастыру коэффициентін айқындау әдістемесін, зейнетақы жинақтарының ең төмен жеткілікті шегін айқындау әдістемесін әзірлеу;

141) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін айқындау және оларды жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу;

142) республикалық бюджеттен зейнетақы тағайындау, зейнетақы және әлеуметтік төлемдерін алу, сондай-ақ Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (бұдан әрі – Қор) төленетін әлеуметтік төлемдерді тағайындау және алу мәселелері бойынша түсіндірме беру;

143) әлеуметтік аударымдарды есептеу мен қорға төлеу және олар бойынша өндіріп алу қағидаларын және Мемлекеттік корпорацияның банк шотына артық (қате) төленген

әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлды аудару қағидаларын әзірлеу және бекіту;

143-1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен, сондай-ақ салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсімдерін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі, денсаулық сақтау саласындағы және цифрландыру саласындағы уәкілетті органдармен келісу бойынша бірыңғай төлемнің артық (қате) төленген және (немесе) бірыңғай төлемді уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдың сомаларын төлеу, аудару және бөлу, сондай-ақ қайтару тәртібін айқындау;

143-2) төлеушілерге әлеуметтік аударымдардың жай-күйі мен қозғалысы туралы, сондай-ақ міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға тағайындалған әлеуметтік төлем сомасы туралы не оны тағайындаудан бас тарту туралы ақпарат беру тәртібін айқындау;

144) әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу (айқындау), Қордан төленетін әлеуметтік төлемдерді тағайындау, қайта есептеу, тоқтата тұру, қайта бастау, тоқтату және жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

145) банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалар жұмыскерлерінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдер түріндегі әлеуметтік көмекті жүзеге асыру тәртібін әзірлеу;

146) банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалар жұмыскерлерінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдер түріндегі әлеуметтік көмекті есептеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

146-1) жұмыс берушінің қаражаты есебінен кәсіптік төлемді жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату қағидаларын әзірлеу және бекіту;

146-2) арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыны тағайындау, оны төлеуді жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату қағидаларын әзірлеу және бекіту;

146-3) алдын алу шараларын және (немесе) оңалту шараларын жүргізуге арналған шығындарды өтеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

147) Қордың басшы жұмыскерлерін тағайындауға (тағайындаудан бас тартуға) келісім беру;

148) Қордың қаржылық және өзге де есептілігінің тізбесін, нысандарын, оларды ұсыну мерзімдерін айқындау;

149) Қордың қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ететін нормалар мен лимиттерді әзірлеу;

150) Қордың қаржылық тұрақтылығын талдауды, бағалауды және бақылауды жүзеге асыру;

151) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен Қордың қызметін ішкі бақылауды жүзеге асыру;

152) Қор активтерін инвестициялау үшін қаржы құралдарының тізбесі мен лимиттерін әзірлеу;

153) Қордың комиссиялық сыйақысының пайыздық мөлшерлемесінің шекті шамасын белгілеу туралы ұсыныс әзірлеу;

154) Қордың комиссиялық сыйақысының пайыздық мөлшерлемесінің шамасын жыл сайын, бірақ жылына екі реттен асырмай белгілеу;

155) Қордың комиссиялық сыйақыны алуы қағидаларын әзірлеу және бекіту;

156) еңбек ету қабілетінен айырылған және асыраушысынан айырылған жағдайда, Қордан төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін арттыру туралы ұсыныс әзірлеу ;

157) жерасты және ашық кен жұмыстарындағы, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстардағы өндірістердің, жұмыстардың, кәсіптердің, лауазымдар мен көрсеткіштердің № 1 тізімін және еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстардағы өндірістердің, жұмыстардың, кәсіптердің, лауазымдар мен көрсеткіштердің № 2 тізімін әзірлеу;

158) халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын әзірлеу және бекіту;

158-1) білім беру, азаматтардың денсаулығын қорғау саласындағы уәкілетті органдармен бірлесіп, мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау саласындағы әлеуметтік қызмет көрсету және әлеуметтік қамсыздандыру стандарттарын айқындау;

158-2) белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарында қызметтер көрсету стандартын әзірлеу және бекіту;

159) ақылы арнаулы әлеуметтік қызметтерді ақылы негізде көрсету қағидаларын әзірлеу және бекіту;

160) арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну бойынша мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету;

161) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша әлеуметтік жұмыскерлерді аттестаттау тәртібін әзірлеу және бекіту;

162) әлеуметтік жұмыскерлерге қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеу және бекіту;

162-1) кәсіптік стандартқа сәйкес әлеуметтік жұмыскерлерді аттестаттау бағдарламасын әзірлеу және бекіту;

162-2) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 28.04.2025 № 282 қаулысымен;

162-3) әлеуметтік қызметкерлер қызметінің функциялары мен сипатын айқындау, мамандықтардың тізбесі мен оларға қойылатын біліктілік талаптарын белгілеу;

163) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау мен айқындау тәртібін әзірлеу және бекіту ;

164) халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуді қаржыландыру және мониторингтеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

165) арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсынатын ұйымдардың бірыңғай тіркелімін және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін мамандардың тізілімін қалыптастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

166) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар қызметінің қағидаларын әзірлеу және бекіту;

167) арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну саласындағы әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу және бекіту;

167-1) халықты әлеуметтік қорғау саласындағы әлеуметтік қызметкерлердің біліктілігін арттыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу және бекіту;

167-2) халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мамандар үшін біліктілік санатын беру туралы куәлікті беру және кері қайтарып алу қағидаларын, мерзімдерін әзірлеу және бекіту;

168) Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен және денсаулық сақтау және білім беру саласындағы уәкілетті органдармен бірлесе отырып, әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалау өлшемшарттарын айқындау;

169) арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну түрлері мен нысандарын дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

170) жеке және заңды тұлғалармен, білім беру саласындағы уәкілетті органмен және басқа да мемлекеттік органдармен арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасасу;

171) мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балаларға санаторий-курорттық емдеуді ұсыну қағидаларын әзірлеу және бекіту;

172) мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтерін ұсыну қағидаларын әзірлеу және бекіту;

173) мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес оларды ауыстыру мерзімдерін қоса алғанда, мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмекпен, техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету қағидаларын әзірлеу және бекіту;

174) мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес естуі бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тілі маманының әлеуметтік қызметтерін ұсыну қағидаларын әзірлеу және бекіту;

175) медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

176) медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу кезінде қалыптастырылатын құжаттардың нысандарын әзірлеу және бекіту;

177) тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді, мүгедектігі бар адамдарды инватаксимен тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы мүгедектігі бар адамдарға өткізу кезінде олардың құнын мемлекеттік бюджет қаражатынан өтеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

177-1) тауарларды өндіретін және (немесе) беретін, жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін, Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдарының қоғамдық бірлестіктерінен және (немесе) Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдарының қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдардан сатып алынатын жекелеген тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер түрлерінің тізбесін мемлекеттік сатып алу, бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласындағы уәкілетті органдармен келісу бойынша айқындау;

178) тауарларды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді, мүгедектігі бар адамдарды инватаксимен тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді берушілерді әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында тіркеу немесе оларды тіркеуден шығару, сондай-ақ тауарларды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталына жіберу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

178-1) жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында тауарларды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді берушілердің қызметіне мониторинг жүргізу тәртібін айқындау;

179) мүгедектігі бар адамдарға берілетін техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдардың, арнаулы жүріп-тұру құралдарының және көрсетілетін қызметтердің сыныптауышына сәйкес мүгедектігі бар адамдардың қажеттіліктерін бағалау тәртібін әзірлеу және бекіту;

180) мүгедектігі бар адамдар әлеуметтік қызметтер порталы арқылы сатып алатын тауарлардың және (немесе) көрсетілетін қызметтердің, мүгедектігі бар адамдарды инватаксимен тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтердің құнын өтеу ретінде ұсынылатын кепілдік берілген соманы айқындау әдістемесін әзірлеу және бекіту;

181) мүгедектігі бар адамдарға ұсынылатын техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдардың, арнаулы жүріп-тұру құралдарының және ұсынылатын қызметтердің сыныптауышын әзірлеу және бекіту;

181-1) мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы үйлестіру кеңесін құру;

182) әлеуметтік қызметтер порталын пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

183) атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық кірісін есептеу тәртібін бекіту;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

184) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Үкіметінің 01.09.2026 № 789 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

184) атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу тәртібін айқындау;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

185) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Үкіметінің 01.09.2026 № 789 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

185) учаскелік комиссиялар туралы үлгілік ережені, сондай-ақ өтініш берушінің материалдық жағдайын тексеру нәтижелері бойынша атаулы әлеуметтік көмекке мұқтаждығын айқындау өлшемшарттарын бекіту;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

185-1) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Үкіметінің 01.09.2026 № 789 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

185-1) цифрландыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша отбасының (адамның) әлеуметтік саламаттылығын айқындау әдістемесін әзірлеу және бекіту;

186) әлеуметтік келісімшарттың, жеке жоспардың нысандарын және отбасын (адамды) жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және әлеуметтік бейімдеу жөніндегі іс-шаралардың үлгілік тізбесін бекіту;

187) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасын есептеу тәртібін бекіту;

188) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, азық-түлік емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтер шығыстарының тіркелген үлесін белгілеу;

188-1) сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган бекітетін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесін келісу;

189) мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау және оңалту жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу;

190) медициналық-әлеуметтік сараптаманы және мүгедектігі бар адамдарды оңалтуды ұйымдастыру мен жүзеге асырудың жалпы қағидаттарын белгілеу;

190-1) министрлердің, аудандар, аудандық маңызы бар қалалар, облыстық маңызы бар қалалар, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдерінің мүгедектік мәселелері жөніндегі штаттан тыс кеңесшілерін тағайындау тәртібін әзірлеу және бекіту;

191) мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құратын жұмыс берушілердің шығындарын субсидиялау тәртібі мен шарттарын әзірлеу және бекіту;

191-1) арнаулы жұмыс орындарын құруға берілетін субсидиялар мөлшерін айқындау;

192) арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну жүйесін әдістемелік қамтамасыз ету жөніндегі қызметті үйлестіруді жүзеге асыру;

193) кедейлік шегінің мөлшерін айқындау;

194) мемлекеттік және (немесе) әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

194-1) цифрландыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметті цифрлық және проактивті форматтарға көшіруді қамтамасыз ету;

194-2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде мемлекеттік қызметтер көрсетуді цифрландыру процесін бағалауды жүргізу және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді цифрлық форматқа ауыстыру жөнінде ұсынымдар әзірлеу үшін мемлекеттік қызметтер көрсету процесін цифрландыру бойынша қабылданатын шаралар туралы ақпаратты цифрландыру саласындағы уәкілетті органға беруді қамтамасыз ету;

194-3) мемлекеттік басқаруды цифрлық трансформациялау қағидаларына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетудің проактивті, композиттік және эксаумақтық түрлеріне көшіру бойынша шаралар қабылдау;

194-4) әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтерді көрсетудің үлгілік қағидаларын әзірлеу және бекіту;

195) кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп тексеру парақтары мен тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын бекіту;

196) еңбек және әлеуметтік қамсыздандыру салаларындағы ең төмен әлеуметтік стандарттарды әзірлеу және бекіту;

197) өз құзыреті шегінде тең мүмкіндіктер, толеранттылық қағидаттарының сақталуын және шығу тегі, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайы, жынысы, нәсілі, ұлты, тілі, дінге көзқарасы, нанымы, тұрғылықты жері себептері бойынша құқықтарға нұқсан келтіруге жол бермеуді, сондай-ақ әлеуметтік-еңбек қатынастарында этносаралық және өзге де кез келген кемсітушіліктің туындауының алдын алуды қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

198) өз құзыреті шегінде мемлекеттік және (немесе) әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер, оның ішінде электрондық қызметтер көрсету;

199) өз құзыреті шегінде мемлекеттік және (немесе) әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету кезінде тұтынушылардың құқықтарын қорғауды жүзеге асыру;

200) медициналық-әлеуметтік сараптама, әлеуметтік және еңбек саласындағы кадрларды даярлауды, біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды ұйымдастыру;

201) халық арасында еңбек, жұмыспен қамту, көші-қон және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру;

202) консультациялық-кеңесші және сараптама комиссияларын құру;

203) еңбек, жұмыспен қамту, көші-қон, халықты әлеуметтік қорғау саласында ведомстволық статистикалық байқау жүргізу;

204) еңбек, жұмыспен қамту, көші-қон және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау;

205) жастар ұйымдарымен жастарды жұмысқа орналастыруға және жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мәселелері бойынша өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асыру;

206) жеке және заңды тұлғалардың еңбек, жұмыспен қамту, көші-қон және халықты әлеуметтік қорғау, әлеуметтік қамсыздандыру, оның ішінде зейнетақымен қамсыздандыру және міндетті әлеуметтік сақтандыру мәселелері жөніндегі өтініштерін қарау;

206-1) арыз иелері көтеретін жүйелі проблемаларды талдау және анықтау, оларды жою бойынша шаралар қабылдау;

206-2) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жеке тұлғалардың петицияларын қарау;

207) уәкілетті мемлекеттік органдардың, әлеуметтік қызметтердің және әлеуметтік және еңбек саласындағы өзге де ұйымдардың жұмысын әдістемелік және ұйымдық үйлестіру;

207-1) халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарының құрылыс объектілеріне қолжетімділігінің қамтамасыз етілуін растау;

208) жұмыспен қамту саласындағы электрондық цифрлық ресурстар мен цифрлық жүйелерді, цифрлық желілерді құру және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету, оларға жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының цифрландыру саласындағы заңнамасына сәйкес қол жеткізуін ұйымдастыру;

209) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 30.06.2023 № 528 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен;

210) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 30.06.2023 № 528 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен;

211) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 30.06.2023 № 528 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен;

212) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларды, олардың әлеуметтік аударымдары мен әлеуметтік төлемдерін дербестендірілген есепке алуды жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

213) міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімпұлдарды дербестендірілген есепке алуды жүргізу тәртібін айқындау;

214) техникалық реттеу және метрология саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, мемлекеттік реттеуге жатқызылатын өлшемдер тізбелерін бекіту;

215) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын, стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, өзгерістер енгізу, қайта қарау және күшін жою туралы ұсыныстарды дайындауды және уәкілетті органға енгізуді жүзеге асыру;

216) стандарттау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша ұлттық стандарттарды және ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын әзірлеуді жүзеге асыру;

217) стандарттау жөніндегі құжаттар мен ұлттық стандарттау жоспарының жобаларын қарау;

218) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерді құру жөнінде ұсыныстар дайындау;

219) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің және стандарттау жөніндегі ұлттық органның, стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысу;

220) өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

221) техникалық реттеу саласында сараптамалық кеңестер құру;

222) техникалық реттеу саласындағы сараптамалық кеңестердің құрамын және олар туралы ережелерді бекіту;

223) техникалық регламенттерді немесе техникалық регламенттерге өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды әзірлеу туралы ұсыныстар дайындау және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органға енгізу;

224) техникалық регламенттерді, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерін іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеу және орындау;

225) сәйкестікті растау жөніндегі органдарды және сәйкестігі міндетті расталуға жататын өнім жөніндегі зертханаларды құру, жаңғырту және жарақтандыру жөнінде ұсыныстар дайындау;

226) Еуразиялық экономикалық одақтың сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарының бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне (ұлттық бөлігінен) сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарды қосу немесе алып тастау жөніндегі жұмысқа қатысу;

227) бес жылдық кезеңге арналған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының әлеуметтік сала көрсеткіштерін болжау әдістемесін бекіту;

228) экономикалық қызмет түрлерін кәсіптік тәуекел сыныптарына жатқызу қағидаларын бекіту;

229) ақталған адамға куәлік беру қағидаларын, ақталған адамның куәлігінің үлгісін бекіту;

229-1) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, оның іске асырылу мониторингін және нәтижелерін бағалауды жүзеге асыру;

229-2) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөнінде кеңес құру;

229-3) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті органға мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың іске асырылуы жөнінде ақпарат беру;

229-4) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың жоспарланатын тақырыптарын және іске асырылуы жөніндегі ақпаратты, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың нәтижелерін бағалауды өзінің интернет-ресурсында орналастыру;

229-5) мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыратын үкіметтік емес ұйымдарға ақпараттық, консультативтік, әдістемелік қолдау көрсету;

229-6) өздерінің құзыреті шегінде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы мемлекеттік гранттар беру және оператордың мемлекеттік гранттардың іске асырылу нәтижелері туралы есебін қарау;

229-7) мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру, мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау қағидаларына сәйкес азаматтық қоғам өкілдерін тарта отырып, мемлекеттік гранттардың тиімділігін бағалауды жүзеге асыру;

229-8) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті орган жанындағы Үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі үйлестіру кеңесінің ұсынымдары негізінде бағыттары мен қаржыландыру көлемі бойынша мемлекеттік гранттарды қалыптастыру;

229-9) стратегиялық әріптестерді конкурстық іріктеуді жүргізу және стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру қағидаларына сәйкес олармен шарттар жасасу;

229-10) стратегиялық әріптестердің жасалған шарттарға және стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру қағидаларына сәйкес міндеттемелерді орындауын бағалауды жүзеге асыру;

229-11) жыл сайын 1 желтоқсанға дейін үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті органға стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру қағидаларына сәйкес стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыстың нәтижелері туралы ақпарат ұсыну;

229-12) шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алуы үшін сұранысқа ие кәсіптердің тізбесін және оны қалыптастыру тәртібін бекіту;

229-13) жастарды жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, оның іске асырылу мониторингін және нәтижелерін бағалауды жүзеге асыру;

229-14) уақытша бос жүрген жастарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу;

229-15) мемлекеттік жастар саясаты мәселелері жөніндегі уәкілетті орган әзірлейтін және бекітетін жастармен жұмыс жөніндегі мамандардың үлгілік біліктілік сипаттамаларын келісу;

229-16) мемлекеттік жастар саясаты мәселелері жөніндегі уәкілетті орган әзірлейтін және бекітетін жастар еңбек жасақтарын құру, ұйымдастыру, қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың қызметіне мониторинг жүргізу қағидаларын келісу;

229-17) кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестерді құру қағидаларын, сондай-ақ олардың үлгілік ережесін әзірлеу және бекіту;

229-18) кәсіптер тізілімін қалыптастыру, өзектілендіру және жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

229-19) кәсіптік біліктілікті тану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

229-20) кәсіптік біліктілікті тану орталықтарын аккредиттеу, аккредиттеу аттестатын қайта ресімдеу, кері қайтарып алу, қолданылуын қайта бастау және тоқтату қағидаларын, сондай-ақ аккредиттеу аттестатының нысанын, аккредиттеуден кейінгі шарттың үлгілік нысаны мен талаптарын әзірлеу және бекіту;

229-21) біліктілік бағдарламаларын әзірлеу және бекіту қағидаларын, сондай-ақ оларға қойылатын талаптарды әзірлеу және бекіту;

229-22) салалық біліктілік шеңберлерін әзірлеу және (немесе) өзектілендіру тәртібін айқындау;

229-23) Ұлттық біліктілік жүйесінің цифрлық платформасын қалыптастыру, сүйемелдеу және оған жүйелік-техникалық қызмет көрсету, өзге де цифрлық жүйелермен интеграциялау, сондай-ақ Ұлттық біліктілік жүйесінің мәселелері бойынша деректерді талдау және өңдеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

229-24) Қазақстан Республикасының өңірлері арасында кәсіптік біліктілікті тануға арналған бір жолғы ваучерлерді беру, қаржыландыру және бөлу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

229-25) ағымдағы және болашақ кезеңдерде кәсіптердің өзектілігін ескере отырып, еңбек нарығының кәсіптік біліктілікті тануда қажеттілігін қалыптастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

229-26) астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарымен келісу бойынша ағымдағы және болашақ кезеңдерде кәсіптердің өзектілігін ескере отырып, кәсіптік біліктілікті танудағы еңбек нарығының қажеттілігін қалыптастыру;

229-27) Ұлттық біліктілік жүйесінің цифрлық платформасында бекітілген кәсіби стандарттардың тізбесін жүргізу;

229-28) Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық органның қызметін үйлестіру;

229-29) әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамдарға қорғаншылық немесе қамқоршылық саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және жүзеге асыруға өз құзыреті шегінде қатысу;

229-30) әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамдарға қорғаншылық немесе қамқоршылық белгілеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын әзірлеу және бекіту;

229-31) әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамның мүлкіне билік ету, шотына түскен зейнетақыларды, жәрдемақыларды, әлеуметтік төлемдерді алу бойынша және соттың шешімімен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған азаматтардың мүлкін иеліктен шығаруға рұқсат беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын әзірлеу және бекіту;

229-32) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын субъектілерге арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынуға лицензия беру;

229-33) медициналық-әлеуметтік есепке алуды жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру мен үйлестіруді жүзеге асыру;

229-34) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 31.03.2026 № 204 қаулысымен;

229-35) өмірде қиын жағдайға тап болған адамдарды (отбасыларды) мемлекеттік органдардың құзыреті шегінде жан-жақты қолдаумен қамту жөніндегі жұмысты үйлестіру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

229-36) арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсынуға қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін әзірлеу және бекіту;

229-37) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын мемлекеттік ұйымдардың бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

229-38) адам саудасы құрбандарын әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, адам саудасына қарсы іс-қимыл субъектілерінің қызметін үйлестіру;

229-39) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адам саудасына қарсы іс-қимылдың өзге де субъектілерімен, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілмен, Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары жөніндегі уәкілмен және Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Халықтың әлеуметтік жағынан осал санаттарының құқықтары жөніндегі уәкілмен өзара іс-қимыл жасау;

229-40) адам саудасына қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды жоспарлау, ұйымдастыру және іске асыру жөніндегі, оның ішінде адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы қауіп-қатерлердің алдын алу, оларды бағалау, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен адам саудасы құрбандарына көмек көрсету және арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну үшін оларды қайта бағыттау жөніндегі жұмысты үйлестіру және жүзеге асыру;

229-41) Қазақстан Республикасының адам саудасы құрбандарын әлеуметтік қорғау және оларға арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну саласындағы заңнамасын қолдану практикасын жинақтау, сондай-ақ оны жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу және енгізу;

229-42) адам саудасына қарсы іс-қимыл субъектілерінің қызметкерлерін даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;

229-43) адам саудасына қарсы іс-қимылды жүзеге асыру процесінде адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, қоғамның және мемлекеттің мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;

229-44) жұртшылықты адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы қызметтің нәтижелері туралы хабардар ету;

229-45) адам саудасына қарсы іс қимыл саласындағы қауіп-қатерлерді бағалауды жүргізу қағидаларын Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен бірлесіп бекіту;

229-46) адам саудасы құрбандарына көмек көрсету және арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну үшін оларды қайта бағыттау тәртібін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен бірлесіп және адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы өзге де мемлекеттік органдармен келісу бойынша бекіту;

229-47) Адам саудасына қарсы іс-қимыл жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ережені Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен бірлесіп бекіту;

229-48) Адам саудасына қарсы іс-қимыл жөніндегі өңірлік комиссия туралы үлгілік ережені Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен бірлесіп бекіту;

229-49) құзыреті шегінде көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысу және шаралар қабылдау;

229-50) жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органға жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру көлемдері жөнінде ұсыныстар енгізу;

229-51) ұйымдардың жұмылдыру дайындығын жоспарлау, ұйымдастыру және оған басшылық ету, Қазақстан Республикасындағы жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру қағидаларында белгіленген тәртіппен жұмылдыру тапсырыстары бар ұйымдардың жұмылдыру әзірлігін бағалауды жүргізу;

229-52) ұйымдармен жұмылдыру тапсырыстарын орындауға арналған шарттар жасасу, жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органға жұмылдыру тапсырыстары бар ұйымдар банкрот болған, қайта ұйымдастырылған, таратылған, олардың жұмыс бейіні өзгертілген кезде белгіленген жұмылдыру тапсырыстарын алып тастау және басқаға беру туралы ұсыныстар енгізу;

229-53) Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, жұмылдыру жоспарларын орындауға дайындық жөніндегі іс-шараларды жүргізу;

229-54) жұмылдыру тапсырыстарын белгілеу үшін ұйымдардың өндірістік, қаржылық, қоймалық мүмкіндіктері туралы ақпаратты жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органға беру;

229-55) әскери міндеттілерді бекітіп қою бойынша жұмысты ұйымдастыру және жүргізу;

229-56) жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласында Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің орындалуын қамтамасыз ету;

229-57) жұмылдыру жарияланған кезде Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, ұйымдарды соғыс жағдайы режиміне көшіру жөніндегі шаралар кешенін жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

229-58) жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

229-59) Министрліктің жұмылдыру жоспарын әзірлеу, жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органмен келісу және бекіту;

229-60) жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органға жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыруды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

229-61) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша зерттеулердің және консалтингтік көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

229-62) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау әзірлеу және бекіту;

229-63) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша заттай нормаларды әзірлеу және бекіту;

229-64) ведомстволық бюджет комиссиясын құру, оның жұмыс органын айқындау, ол туралы ережені, құзыреті мен құрамын бекіту;

229-65) өткізуден түскен ақша өз иелігінде қалатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуі бойынша ақылы қызмет түрлерін жүзеге асыру, мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түскен, өз иелігінде қалатын ақшаны пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

229-66) орталық мемлекеттік органдардың және жергілікті атқарушы органдардың қарамағындағы ұйымдарда бос орындарға орналасуға конкурс өткізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

229-67) орталық мемлекеттік органдардың және жергілікті атқарушы органдардың қарамағындағы ұйымдарда бос орындардың бар-жоғы туралы мәліметтерді жариялау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

229-68) орталық мемлекеттік органдардың және жергілікті атқарушы органдардың қарамағындағы ведомстволық бағынысты ұйымдардағы әкімшілік-басқару персоналы санының нормативтерін белгілеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

229-69) Министрліктің азаматтық қорғаныс жоспарын әзірлеу және бекіту;

229-70) нормативтерді, нормативтік техникалық құжаттар мен қағидаларды әзірлеу, бекіту және (немесе) келісу, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды мемлекеттік салалық есепке алуды жүргізу және осы деректерді азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға ұсыну;

229-71) құзыреті шегінде стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын қарау, сондай-ақ стандарттау саласындағы уәкілетті органға енгізу үшін ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, өзгерістер енгізу, қайта қарау және күшін жою жөнінде ұсыныстар дайындауды жүзеге асыру;

229-72) Министрліктің қарауындағы жағдайды байқау, бақылау және төтенше жағдайларды болжау қызметтеріне басшылық ету;

229-73) азаматтық қорғау саласындағы ғылыми зерттеулерді, білімді насихаттауды, халықты және мамандарды оқытуды ұйымдастыру;

229-74) Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің орындалуын қамтамасыз ету;

229-75) Қазақстан Республикасының Үкіметіне жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын қалыптастыру және сақтау бойынша шығыстардың көлемі мен құрылымы жөнінде ұсыныстар енгізу;

229-76) ведомстволық бағынысты ұйымдардағы өрттердің алдын алу жөнінде іс-шаралар жүргізу;

229-77) азаматтық қорғаудың салалық кіші жүйелеріне басшылықты жүзеге асыру;

229-78) ведомстволық бағынысты ұйымдарда азаматтық қорғаныс мүлкінің запастарын құру және олардың сақталуын, жаңартылуын және оларды қолдануға әзірлікте ұстап тұруын ішкі бақылауды жүзеге асыру;

229-79) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша жаһандық және өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимылдар жоспарларын әзірлеу және бекіту;

229-80) қосалқы (қалалық) және көмекші басқару пункттерін құруды қамтамасыз ету;

229-81) әскери-экономикалық және командалық-штабтық оқулар өткізуге қатысу;

229-82) жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, арнаулы мемлекеттік органдардың мүдделеріне сай міндеттерді орындау үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы экономикасының іркіліссіз жұмыс істеуін және халқының тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін әлеуметтік-еңбек саласында арнайы құралымдарды ұйымдастыру және олардың қызметін қамтамасыз ету;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

15-тармақты 229-83), 229-84), 229-85), 229-86), 229-87), 229-88), 229-89), 229-90),

229-91), 229-92), 229-93) және 229-94) тармақшалармен толықтыру көзделген - ҚР Үкіметінің 10.08.2026 № 704 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

229-95) мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің цифрлық кадр жүйесінде Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақтауына мониторингті жүргізу;

229-96) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын ұйымдар желісінің нормативін әзірлеу және бекіту;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

229-97) тармақша 01.01.2027 дейін қолданыста болады - ҚР Үкіметінің 10.08.2026 № 704 қаулысымен.

229-97) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау үшін ұйымдардың тізбесі жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

229-98) тармақша 01.01.2027 дейін қолданыста болады - ҚР Үкіметінің 10.08.2026 № 704 қаулысымен.

229-98) жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органға жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының орнын ауыстыру жөнінде ұсыныстар жіберу;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

229-99) тармақша 01.01.2027 дейін қолданыста болады - ҚР Үкіметінің 10.08.2026 № 704 қаулысымен.

229-99) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын қалыптастыру және сақтау кезінде мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органға ұйымдастырушылық көмек көрсету;

229-100) жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органға жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру көлемдері жөнінде ұсыныстар енгізу;

229-101) әлеуметтік-еңбек саласында ұйымдардың жұмылдыру дайындығын жоспару, ұйымдастыру және оған басшылық ету, Қазақстан Республикасындағы жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру қағидаларында белгіленген тәртіппен жұмылдыру тапсырыстары бар ұйымдардың жұмылдыру әзірлігін бағалауды жүргізу;

229-102) ұйымдармен жұмылдыру тапсырыстарын орындауға арналған шарттар жасасу, жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органға жұмылдыру тапсырыстары бар ұйымдар банкрот болған, қайта ұйымдастырылған, таратылған, олардың жұмыс бейіні өзгертілген кезде белгіленген жұмылдыру тапсырыстарын алып тастау және басқаға беру туралы ұсыныстар енгізу;

229-103) Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып жұмылдыру жоспарларын орындауға дайындық жөніндегі шараларды жүргізу;

229-104) жұмылдыру тапсырыстарын белгілеу үшін ұйымдардың өндірістік, қаржылық, қоймалық мүмкіндіктері туралы ақпаратты жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органға беру;

229-105) әскери міндеттілерді бекітіп қою бойынша жұмысты ұйымдастыру және жүргізу;

229-106) жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласында Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің орындалуын қамтамасыз ету;

229-107) жұмылдыру жарияланған кезде Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, ұйымдарды соғыс жағдайы режиміне көшіру жөніндегі шаралар кешенін жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

229-108) әлеуметтік-еңбек саласында жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және (немесе) бекіту;

229-109) жұмылдыру жоспарларын әзірлеу және жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша бекіту;

229-110) жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органға жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыруды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

229-111) платформалық жұмыспен қамтуды жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

229-112) психологтардың кәсіптік біліктілігін тану саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

229-113) психологиялық қызмет саласындағы шараларды әзірлеуге және іске асыруға қатысатын мемлекеттік органдардың, мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдардың өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

229-114) психологиялық көмек алушының немесе оның заңды өкілінің хабардарлығы туралы келісім нысанын бекіту;

229-115) психологтардың мемлекеттік тізілімін жүргізу, сондай-ақ оларды психологтардың мемлекеттік тізіліміне енгізу және одан алып тастау тәртібін әзірлеу және бекіту;

229-116) психологтардың әдеп кодексін әзірлеу және бекіту;

229-117) ұлттық біліктілік жүйесінің цифрлық платформасында психологтардың мемлекеттік тізілімін жүргізу;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

15-тармақты мынадай мазмұндағы 229-118), 229-119), 229-120), 229-121), 229-122), 229-123), 229-124), 229-125), 229-126), 229-127), 229-128), 229-129), 229-130) және 229-131) тармақшалармен толықтыру көзделген - ҚР Үкіметінің 01.09.2026 № 789 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

230) Қазақстан Республикасының заңдарында, Президентінің және Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.10.2022 № 834 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 26.10.2022 № 850 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.12.2022 № 985; 23.02.2023 № 157 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.04.2023 № 307 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2023 № 528 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз); 04.09.2023 № 764 (04.09.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 20.03.2024 № 213 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 17.05.2024 № 392 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.07.2024 № 603 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 06.08.2024 № 628; 04.10.2024 № 821; 28.04.2025 № 282; 03.10.2025 № 820; 08.12.2025 № 1062 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 31.03.2026 № 203; 31.03.2026 № 204; 24.04.2026 № 325 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 10.08.2026 № 704 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 01.09.2026 № 789 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулыларымен.

3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Министрлікте басшылықты Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

17. Министрліктің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Бірінші басшының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Министрліктің бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) еңбек, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, жұмыспен қамту, көші-қон және халықты әлеуметтік қорғау, зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру, міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы саясатты қалыптастырады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекте салааралық үйлестіруді қамтамасыз етеді;

3) ведомстволардың құзыретін және өзге мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл тәртібін айқындайды;

4) Министрліктің құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілер қабылдайды;

5) Қазақстан Республикасының Құрылтайында, өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Министрліктің атынан өкілдік етеді;

6) Министрліктің стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын бекітеді;

7) оның құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Министрліктің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 01.09.2026 № 789 қаулысымен.

20. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

21. Министрліктің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын аппарат басшысы басқарады.

21-1. Министрліктің аппарат басшысының өкілеттіктері:

- 1) Министрлікке жүктелген мақсаттардың іске асырылуын ұйымдастырады;
- 2) өз құзыреті шегінде Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;
- 3) Министрліктің, оның ведомстволарының қызметін материалдық-техникалық, ұйымдық-құқықтық және қаржылық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;
- 4) Министрліктің бірінші басшысымен келісілгеннен кейін тиісті нормативтік құқықтық актілермен бекітілген Министрліктің штат санының лимиті шегінде Министрліктің штат санын және штат кестесін бекітеді;
- 5) Министрліктің даму жоспарын іске асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;
- 6) еңбек қатынастары мәселелері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жоғары тұрған лауазымды адамдардың (органдардың) құзыретіне жатқызылған мемлекеттік қызметшілерді қоспағанда, Министрліктің бірінші басшысымен келісу бойынша Министрліктің бірінші басшысы немесе оның орынбасарлары жетекшілік ететін Министрліктің департаменттері мен дербес басқармаларының басшыларын лауазымдарға тағайындайды және лауазымдарынан босатады;
- 7) еңбек қатынастары мәселелері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жоғары тұрған лауазымды адамдардың (органдардың) құзыретіне жатқызылған мемлекеттік қызметшілерді қоспағанда, Министрлік аппаратының мемлекеттік қызметшілерін лауазымдарға тағайындайды және лауазымдарынан босатады;
- 8) Министрліктің тәртіптік және конкурстық комиссияларының қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;
- 9) қызметтік тәртіптің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;
- 10) еңбек қатынастары мәселелері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жоғары тұрған лауазымды адамдардың (органдардың) құзыретіне жатқызылған мемлекеттік қызметшілерді қоспағанда, Министрлік аппаратының мемлекеттік қызметшілерінің тәртіптік жауаптылығы мәселелерін шешеді;

11) еңбек қатынастары мәселелері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жоғары тұрған лауазымды адамдардың (органдардың) құзыретіне жатқызылған мемлекеттік қызметшілерді қоспағанда, Министрлік аппаратының мемлекеттік қызметшілерін іссапарға жіберу, оларға демалыс беру, материалдық көмек көрсету, даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемеақы төлеу мәселелерін шешеді;

12) Министрліктің мемлекеттік сатып алу саласында жалпы басшылық етуді жүзеге асырады;

13) Министрліктің бюджеттік сұранымын дайындауды қамтамасыз етеді, бюджеттік сұранымды Министрліктің бірінші басшысына ұсынады, сондай-ақ бюджет процесінің өзге де рәсімдерін орындайды;

14) Министрліктің бірінші басшысы мен оның орынбасарлары қабылдаған шешімдердің орындалу барысын бақылайды;

15) жеке қолданылатын құқықтық актілерді қабылдайды;

16) "Б" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға қойылатын үлгілік біліктілік талаптары негізінде мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Ескерту. 3-тарау 21-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2026 № 789 қаулысымен.

4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі

22. Министрліктің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Министрліктің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Министрлікке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Министрліктің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

25. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Министрліктің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 20.03.2024 № 213 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.12.2025 № 1062 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Акционерлік қоғамдар:

1. Еңбек ресурстарын дамыту орталығы.

2. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 08.12.2025 № 1062 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. "Мемлекеттік аннуитеттік компания" өмірді сақтандыру компаниясы.

4. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар:

1. Әлеуметтік қорғау саласын дамытудың ұлттық ғылыми орталығы.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты.

Мемлекеттік мекемелер – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитеті аумақтық бөлімшелерінің тізбесі

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 06.08.2024 № 628 қаулысымен.

1. "Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Абай облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

2. "Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

3. "Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

4. "Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

5. "Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Атырау облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

19. "Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

20. "Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

Мемлекеттік мекемелер – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитеті аумақтық бөлімшелерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Абай облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

2. "Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

3. "Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

4. "Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

5. "Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Атырау облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

6. "Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

7. "Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

8. "Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Жетісу облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

9. "Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2017 жылғы 18 ақпандағы

№ 81 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

мынадай мазмұндағы бөліммен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне

382. "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" АҚ

383. "Мемлекеттік аннуитеттік компания" өмірді сақтандыру компаниясы" АҚ

384. "Республикалық протездік-ортопедиялық орталық" АҚ

385. "Еңбек ресурстарын дамыту орталығы" АҚ".

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.06.2023 № 528 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 03.06.2022 № 361 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. "Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 59-60, 555-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ережеде:

1 тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) стратегиялық жоспарлау, салық және бюджет саясаты, сондай-ақ кеден ісі саласындағы саясат, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу және борыш, мемлекеттік-жекешелік әріптестік, мемлекеттік инвестициялық жобалар, бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу, табиғи монополиялар мен реттелетін нарықтар, халықаралық экономикалық және қаржы қатынастары, оның ішінде халықаралық экономикалық интеграцияны реттеу, экспортты жылжытудан басқа, сыртқы сауда қызметін реттеу және дамыту, сауда қызметін реттеу, мемлекеттік активтердің басқару, соның ішінде корпоративтік басқарудың сапасын жоғарлату, мемлекеттік басқару жүйесін дамыту, мемлекеттік қызмет көрсету аясындағы мемлекеттік саясатты дамыту;"

15-тармақтың 4) тармақшасы алып тасталсын;

16-тармақтың 122) тармақшасы алып тасталсын.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2017 жылғы 18 ақпандағы
№ 81 қаулысына
1-қосымша

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі
Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің қайта аталатын аумақтық
бөлімшелері – мемлекеттік мекемелерінің тізбесі**

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті, Көкшетау қаласы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Ақмола облысы бойынша департаментіне, Көкшетау қаласы.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті, Ақтөбе қаласы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаментіне, Ақтөбе қаласы.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті, Алматы қаласы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Алматы облысы бойынша департаментіне, Алматы қаласы.

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Атырау облысы бойынша департаменті, Атырау қаласы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Атырау облысы бойынша департаментіне, Атырау қаласы.

5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті, Өскемен қаласы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментіне, Өскемен қаласы.

6. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаменті, Тараз қаласы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаментіне, Тараз қаласы.

бойынша департаменті, Шымкент қаласы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментіне, Шымкент қаласы.

15. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті, Астана қаласы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Астана қаласы бойынша департаментіне, Астана қаласы.

16. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті, Алматы қаласы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментіне, Алматы қаласы.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2017 жылғы 18 ақпандағы

№ 81 қаулысына

2-қосымша

Қайта аталатын мемлекеттік заңды тұлғалардың тізбесі

1. Мемлекеттік кәсіпорындар

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің "Әлеуметтік оңалтуды дамытудың ғылыми-практикалық орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Әлеуметтік оңалтуды дамытудың ғылыми-практикалық орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына.

2. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына.

2. Мемлекеттік мекеме

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің "Әлеуметтік-еңбек саласы кадрларының біліктілігін арттыру курсы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Әлеуметтік-еңбек саласы кадрларының біліктілігін арттыру курсы" мемлекеттік мекемесіне.

